

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы Уақытша күштеріндегі (БҰҰЛУК) ұндістандық батальон құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті бірлесіп өрістету тәртібі туралы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 29 қазандағы № 188-VI ҚРЗ.

2018 жылғы 21 тамызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы Уақытша күштеріндегі (БҰҰЛУК) ұндістандық батальон құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті бірлесіп өрістету тәртібі туралы өзара түсіністік туралы меморандум ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ҮНДІСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ БІРІККЕН ҰЛТТАР
ҰЙЫМЫНЫҢ ЛИВАНДАҒЫ УАҚЫТША КҮШТЕРІНДЕГІ (БҰҰЛУК)
ҰНДІСТАНДЫҚ БАТАЛЬОН ҚҰРАМЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
БІТІМГЕРШІЛІК КОНТИНГЕНТТІ БІРЛЕСІП ӨРІСТЕТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

(2018 жылғы 21 тамыздан бастап уақытша қолданылады - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2018 ж., № 5, 61-құжат)

(2018 жылғы 19 наурызда күшіне енген - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2019 ж., № 1, 1-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштері (БҰҰЛУК) Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кенесінің (БҰҰ ҚҚ) 1978 жылғы 19 наурыздағы 425 және 426 (1978) және 2006 жылғы 11 тамыздағы 1701 қаарларына сәйкес құрылғанын назарға ала отырып,

1995 жылғы 15 желтоқсанда қол қойылған Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Ливан Үкіметі арасындағы БҰҰЛУК (бұдан әрі СОФА деп аталатын) мәртебесі туралы келісімді назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштеріне (БҰҰЛУК) ресурстар беретін Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштерінде (БҰҰЛУК) екі мемлекеттің қарулы күштерін бірлесіп өрістету мақсатында, тәмендегілер туралы өзара түсіністікке қол жеткізді:

1-бап Мақсаты мен қолдану саласы

1.1 Осы Меморандумның мақсаты БҰҰЛУК-тағы ұндістандық батальон (ҮНДІБАТ) құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті өрістетуді, жоспарлау және жүзеге асыру, қолбасшылық ету және басқару, қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы саясатты, рәсімдер мен уағдаластықтарды айқындау болып табылады.

1.2 Бірлесіп өрістетудің ұзақтығы бір ротацияны құрайды және тиісінше кейінгі ротациялар мерзіміне ұзартылуы мүмкін. Бір ротацияның мерзімі алты айды құрайды. Жедел жағдайға, сондай-ақ материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз ету жағдайына байланысты бір ротацияның мерзімі алты айдан асуы мүмкін.

1.3 Осы Меморандумда Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы құқығына немесе Тараптарға қолданылатын халықаралық шарттарға қайши келуге ниеттер жоқ. Қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы құқығы басым болады. Тараптар осында қайшылықтың туындағаны туралы шүғыл хабардар етеді.

1.4 БҰҰЛУК-тағы ұндістандық батальон (ҮНДІБАТ) құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті бірлесіп өрістетудің техникалық шарттары екі мемлекеттің қорғаныс министрліктері арасында жасалатын осы Меморандумға Техникалық келісімде айқындалады.

1.5 Осы Меморандум мен Техникалық келісім арасында қайшылықтар туындаған жағдайда осы Меморандумның ережелері басым қүшке ие болады.

2-бап Анықтамалар

2.1 Осы Меморандумда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

2.2 "Әкімшілік басқару" әрбір нақты жағдайда көрсетілген әкімшілік мәселелерде бағыныстырына немесе басқа да ұйымдарға басшылық жасауды немесе өкілеттіктерді жүзеге асыруды білдіреді. Бағыныстырының немесе басқа да ұйымдардың персоналын, қамтамасыз етуін, көрсетілетін қызметтерін және басқа да жедел емес мәселелерін басқаруды қамтуы мүмкін.

2.3 "ОЖА" - БҰҰЛУК операцияларын жүргізу ауданы.

2.4 "БҰҰ 4-2 базасы" құрастырылатын үйлерді, тұрғын үй-жайларды, БҰҰ персоналдарының объектілері мен орналастыру аймақтарын қоса алғанда, материалдық-техникалық қамтамасыз ету объектілері бар ҮНДІБАТ батальонының басты лагері мен штаб-пәтері болып табылады.

2.5 "Үндістандық жаяу әскерлер батальоны (ҮНДІБАТ)" - БҰҰ күштері қолбасшысының жедел бағынысындағы БҰҰЛУК-қа қолдау көрсетуге өрістетілген Үндістан Республикасы Құрлық әскерлерінің жаяу әскерлер батальондық тобының жеке құрамы.

2.6 "Қазақстандық бітімгершілік контингент" - ҮНДІБАТ-тың жедел бағынысында өрістетілген қазақстандық рота.

2.7 "Қазақстандық рота" - батальон штабының құрамындағы екі штабтық офицерді қоса алғанда, 120 әскери қызметшіден тұратын атқыштар ротасы.

2.8 "Үнді-қазақстандық батальон (ҮНДІҚАЗБАТ)" - БҰҰЛУК-тағы үндістандық батальондық топтың (ҮНДІБАТ) құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті бірлесіп өрістету.

2.9 "(СО) командирі" - БҰҰ-ның басшылыққа алатын құжаттарына сәйкес күштер қолбасшысының жедел бағынысындағы үндістандық батальон элементтерінің командирі. Жаяу әскерлер батальонының командирі БҰҰ 4-2 базасында болады және "СО" деп аталады. Сонымен қатар ол ҮНДІҚАЗБАТ командирі болып табылады.

2.10 "Қазақстандық рота командирі" - БҰҰ-ның басшылыққа алатын құжаттарына сәйкес ҮНДІБАТ командирінің бағынысындағы және күштер қолбасшысының жедел бағынысындағы қазақстандық рота элементтерінің командирі.

2.11 "Толық басқару" бағыныстыларға бүйрықтар беру үшін жоғары түрған лауазымды адамның әскери өкілеттіктері мен жауапкершілігін білдіреді. Әскери операциялардың және әкімшіліктің барлық аспектілерін қамтиды.

2.12 "Жетекші мемлекет (ЖМ)" - Үндістан Республикасы, БҰҰЛУК-тағы ҮНДІҚАЗБАТ-ты бірлесіп өрістету үшін батальон командирін және әскерлердің көп бөлігін, материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз етуді беретін ел. Жетекші мемлекет бірлесіп өрістету операцияларының функционалдық ауданы шегінде Қолдау көрсететін мемлекетті материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз етуді үйлестіру үшін жауапты болады.

2.13 "Қолдау көрсететін мемлекет" - Қазақстан Республикасы өзінің әскерлерін ұсынатын және БҰҰЛУК-та ҮНДІҚАЗБАТ құрамында бірлесіп өрістетуге материалдық-техникалық үлес қосатын ел.

2.14 "Өзін-өзі қамтамасыз ету" - БҰҰ өтейтін, Тараптардың біреуінің бітімгершілік миссияны жүргізу дің барлық уақытына өзінің контингентіне контингенттің негізгі емес мүлкін және шығыс материалдарын ішінана немесе толық материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз етуді ұсыну қабілеті.

2.15 "Негізгі мүлкі" - БҰҰ өтейтін, тараптардың біреуінің өз контингентін бөлімше үшін мүліктің негізгі атауларымен қамтамасыз ету қабілеті.

2.16 "Жедел бағыну (OPCON)" - командир, әдетте, сипаты, уақыты немесе орналасқан жері бойынша шектеулі белгілі бір миссияларды немесе міндеттерді орындаі алатындаі, тиісті бөлімшелерді өрістете алатындаі, осы бөлімшелерге

тактикалық бақылауды сақтай немесе бере алатындағы етіп бағыныстағы күштерді басқару үшін командирге берілген өкілеттіктер. ҮНДІҚАЗБАТ-тың қандай да бір құрамдасына немесе бөлімшелеріне жеке тапсырмалар қою бойынша өкілеттіктерді қамтымайды.

2.17 "Ұлттық аға өкіл (ҰАӘ)" - БҰҰЛУК миссиясы аймағында өрістетілген тиісті бітімгершілік контингент үшін аға офицер болып табылатын офицер. Қазақстандық рота командирі ҮНДІҚАЗБАТ-та қазақстандық бітімгершілік контингент үшін лагерде ұлттық аға өкіл болып табылады және ҮНДІҚАЗБАТ командирінің жедел бағынысында болады.

2.18 "Ұлттық ескертпелер" - өрістетуге, операцияларға, материалдық-техникалық, тылдық қамтамасыз етуге және ҮНДІҚАЗБАТ қолбасшылығымен өрістету кезінде басқа да қолдау көрсететін мемлекеттің мәселелеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі жасайтын ескертпелер. Ұлттық ескертпелер Жетекші мемлекетке өрістетілгенге дейін беріледі және өзара келісіледі.

2.19 "Қызыл картаны ұстаушы" - тағайындалған және Тараптардың әрқайсысы үшін қолданылатын ұлттық ескертпелерді қолдануға уәкілеттік берілген офицер. Осы Меморандум шеңберінде қызыл картаны ұстаушы Қазақстан Республикасының ұлттық аға өкілі болып табылады.

3-бап Үлес

3.1 Жетекші мемлекет ретінде Үндістан батальон қолбасшылығын, басқармасы мен штабын, үш атқыштар ротасын, механикаландырылған жаяу ескерлер ротасын, штабтық ротаны және қамтамасыз ету ротасын, жалпы алғанда 730 әскери қызметшіні қамтамасыз етеді.

3.2 Қолдау көрсететін мемлекет ретінде Қазақстан батальон штабының құрамындағы екі штабтық офицерді қоса алғанда, 120 әскери қызметшіден тұратын атқыштар ротасын береді.

3.3 Қазақстандық бітімгершілік контингенттің жеке құрамында БҰҰЛУК-та өрістетілу үшін қызметтік паспорттары болуға тиіс.

3.4 ҮНДІҚАЗБАТ-тың жалпы саны 850 адамды құрайды.

3.5 Қазақстандық ротаның ұйымдық-штаттық құрылымын Тараптар осы Меморандумға Техникалық келісімде айқындаиды.

3.6 Жеке құрамды БҰҰЛУК-қа және БҰҰЛУК шығыс секторының штаб-пәтеріне жіберу мәселесі Тараптар мен БҰҰ арасында реттелуге тиіс және осы Меморандумның нысанасы болып табылмайды.

3.7 Қазақстандық бітімгершілік контингент өзінің жеке қаруымен өрістетіледі. БҰҰЛУК-та негізгі мүлікті өрістету Жетекші мемлекет пен БҰҰ арасындағы қарым-қатынастардың нысанасы болып табылады. Қазақстандық бітімгершілік

контингентке тиесіліні қоса алғанда, негізгі мүлікті БҰҰЛУК-та кез келген қосымша өрістету Жетекші мемлекет пен БҰҰ арасындағы талқылау нысанасы болып табылады.

3.8 БҰҰ кір жуу және тазалап-жинау қызметтерін көрсетуді, жалпы және тұнгі қадағалау объектілерін, базалық медициналық және 1-денгейдегі қамтамасыз етуді, стоматологиялық қамтамасыз етуді қоспағанда, контингентті барлық тиісті санаттарда қолдайды.

3.9 Үндістан Тарапы қазақстандық бітімгершілік контингентке базалық және 1-денгейдегі медициналық қамтамасыз етуді, сондай-ақ стоматологиялық қызмет көрсетуді ұсынады.

3.10 Қазақстандық бітімгершілік контингент БҰҰ-ның талаптарына/нұсқаулықтарына сәйкес өзінің жеке құрамы үшін өзін кір жуу және тазалап-жинау қызметтерімен, сондай-ақ жалпы және тұнгі қадағалау объектілерімен дербес қамтамасыз етеді.

3.11 Тараптар БҰҰ-ның Жетекші және Қолдау көрсететін мемлекеттер контингенттерінің меншігіндегі жабдыққа тоқсан сайын инспекция жүргізетінімен келіседі.

4-бап Қолбасшылық ету және басқару

4.1 ҮНДІҚАЗБАТ БҰҰЛУК-тың жедел бағынысында және әкімшілік басқаруында жұмыс істейді. ҮНДІҚАЗБАТ командирінің лауазымына тағайындау құқығы Жетекші мемлекетке тиесілі. Қазақстандық рота командирі лауазымына тағайындау құқығы Қолдау көрсететін мемлекетке тиесілі.

4.2 ҮНДІҚАЗБАТ ҮНДІБАТ командирінің толық басқаруында болады. Тараптар ұлттық рәсімдерге сәйкес жедел бас қолбасшыға қолбасшылық ету мен басқарудың, әдетте, жедел басқарудың тиісті деңгейін беретін болады.

4.3 ҮНДІҚАЗБАТ командирі және Үндістан Республикасының БҰҰ-дағы тұрақты өкілдігі БҰҰЛУК штаб-пәтерімен және тиісінше БҰҰ-ның штаб-пәтерімен хат-хабар алmasу үшін байланыс жасайтын адамдар болып табылады.

5-бап Даирлау

5.1 Әрбір Тарап БҰҰ-ның басшылыққа алатын ережелеріне сәйкес өрістету алдында жеке ұлттық даирлықты жүргізуге жауапты болады.

5.2 Осы Меморандумға сәйкес өзара келісілген адам саны шенберінде қазақстандық бітімгершілік контингент жеке құрамының негізгі тобын даирлау Нью-Делидегі БҰҰ-ның Бітімгершілік даирлық орталығында жүргізіледі, ол нәтижесінде ҮНДІҚАЗБАТ құрамында өрістетілетін жеке құрамды оқытууды және іріктеуді жүзеге асырады.

5.3 Үндістан Тарапы даярлауда, консультацияларда көмек және басқа да жәрдем көрсетеді, сондай-ақ өрістету алдында қазақстандық бітімгершілік контингентті даярлауға қатысады.

5.4 Үндістан Тарапы іріктеліп алынған жеке құрамның біліктілігін арттыру үшін даярлықтың келісілген бірлескен бағдарламасын әзірлеуге және оны өзара келісілген мерзімдерге Қазақстан Республикасына жіберілетін МобиЛЬДІ жаттықтыру тобымен өткізуге жауапты болады.

5.5 Мемлекетінің аумағында қазақстандық бітімгершілік контингентті даярлау жүргізілетін Тарап өзінің әскери қызметшілеріне жасайтын жағдайларда жергілікті тасымалдауды, тұруды және тамақтандыруды өз есебінен қамтамасыз етеді.

5.6 Жетекші мемлекеттің іріктеліп алынған штабтық офицерлері қажеттілігіне қарай өрістету алдында оқуға қатыса алады.

6-бап Ротация

6. Қазақстандық бітімгершілік контингентті Қазақстан Республикасынан БҰҰЛУК-қа және көрі қарай ротациялауды Қазақстан Тарапы БҰҰ-мен және Жетекші мемлекетпен өзара әрекеттесумен үйымдастырады. Егер БҰҰ-мен өзгеше келісілмесе, ротациялауға арналған шығыстарды Қазақстан Тарапы өтейтін болады.

7-бап Күштердің мәртебесі

7.1 Тараптар мен Ливан билігі арасындағы юрисдикция мәселелері 1995 жылғы 15 желтоқсандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Ливан Үкіметі арасындағы БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштерінің мәртебесі туралы келісіммен реттеледі. ҮНДІҚАЗБАТ персоналына олар Ливанда жасауы мүмкін кез келген қылмыстық әрекеттерге қатысты тиісті мемлекеттің айрықша юрисдикциясы қолданылады.

7.2 ҮНДІҚАЗБАТ персоналы Миссияның мандатына сәйкес өзінің міндеттерін орындауда жасаған әрекеттері үшін қамауға алуға немесе ұстауға, қылмыстық немесе әкімшілік қудалауға ұшырауы мүмкін емес.

8-бап Тәртіп

8.1 Әскери тәртіпті сақтау ұлттық тәртіптік практиканы қолданумен ұлттық заңнамаға сәйкес қатаң жүзеге асырылады.

8.2 Қазақстандық бітімгершілік контингенттің персоналы жасаған тәртіптік теріс қылықта кез келген шағымдар Үндістанның ұлттық аға өкілінің және ҮНДІҚАЗБАТ командирінің (ұлттық аға өкілдің міндеттерін орындауды), қазақстандық бітімгершілік контингенттің ұлттық аға өкілінің және қазақстандық рота командирінің (ұлттық аға өкілдің міндеттерін орындауды) назарына жеткізіледі.

8.3 Қазақстандық бітімгершілік контингенттің мүшесі жасаған тәртіптік теріс қылықтарға кез келген шағымдарға ҮНДІҚАЗБАТ командиріне тергеп-тексеру барысы туралы қажетті ақпаратты бере отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық аға өкілі тергеп-тексереді. Тергеп-тексерулер Тараптардың бірдей ұлттық рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

8.4 Қазақстандық бітімгершілік контингент персоналының құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне байланысты тергеп-тексерулер жүргізу үшін қазақстандық ротаның құрамына БҰҰ-ның басшылыққа алатын құжаттарына сәйкес қажетті құқықтық білімі бар кемінде бір әскери қызметші кіреді.

8.5 Қазақстандық бітімгершілік контингенттің ұлттық аға өкілі тергеп-тексерулер нәтижелері және осыған байланысты қабылданған шаралар туралы ҮНДІҚАЗБАТ қолбасшылығын хабардар етеді.

9-бап Наразылықтар

9.1 Тараптар арасындағы наразылықтар өзіне қатысты наразылық білдірілген Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қаралады.

9.2 Біріккен Ұлттар Ұйымы міндеттерді орындау немесе кез келген басқа да қызметті немесе БҰҰЛУК-тағы операцияларды орындау кезінде тиісті тарап берген персонал келтірғен немесе жабдықтан келген үшінші тараптардың мүлкі жоғалғанда немесе зақымдалғанда, адам қайтыс болғанда немесе жарақат алғанда олардың кез келген наразылықтары үшін жауапты болады.

9.3 Тиісті Тарапты білдіретін персоналдың өрескел ұқыпсыздығынан немесе қасақана құқыққа сыйымсыз әрекетінен туындаған жоғалту, зақымдау, адам қайтыс болу немесе жарақат алу орын алған жағдайда, онда бұл Тарап осындай наразылықтар үшін жауапты болады.

9.4 БҰҰЛУК-қа наразылық білдіру рәсімі үшін нұқсан келтірмей әрбір Тарап оның персоналының іс-әрекеттері мен олқылықтары нәтижесінде келтірілген залал немесе зиянға үшінші тараптардың наразылықтары үшін жауапты болуы мүмкін.

9.5 БҰҰ-қа қатысты барлық наразылықтарды Жетекші мемлекет шешетін болады.

9.6 Өздерінің ұлттық заңнамасында рұқсат етілетін дәрежеде, екі Тарап үшінші тарапқа келтірілген залал үшін ортақ жауапты болатыны белгіленген осындай жағдайларда, тартылған Тараптар наразылықты реттеу үшін ортақ жауапты болады, егер наразылықты БҰҰ реттемесе, олардың әрқайсысы олардың дәрежесіне байланысты пропорционалды бөлінген бөлікті төлейді.

10-бап Күш қолдану

10.1 БҰҰЛУК-та күш қолдану қағидалары БҰҰ-ның қолбасшылығы желісі бойынша жеткізілетін жеке құжат болып табылады.

10.2 БҰҰЛУК-та күш қолдану қағидаларына ұлттық ескертпелер және/немесе тараптардың біреуінің БҰҰЛУК үшін бекітілген күш қолдану қағидаларына сәйкес операцияларға қатысу қабілеттілігіне ықпал етуі мүмкін басқа да аспектілер өрістетілу басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей Үндістан тараپының назарына жеткізіледі.

10.3 Қазақстандық бітімгершілік контингенттің ұлттық аға өкілі/қызыл картаны ұстаушы Қазақстан Республикасының БҰҰЛУК-та күш қолдану қағидаларына ұлттық ескертпелері туралы хабардар етуге уәкілеттік берілген адам болып табылады.

10.4 Қазақстандық бітімгершілік контингенттің ұлттық аға өкілі ұлттық ескертпеге кез келген өзгерістерді алдын-ала ҮНДІБАТ командиріне жеткізуге тиіс.

11-бап Құштерді қорғау

11.1 Әрбір Тарап өз контингентін қорғауды дербес қамтамасыз етеді.

11.2 Контингенттерді қорғау жөніндегі барлық іс-шаралар барынша қорғауды, өзара қолдауды және интеграциялауды қамтамасыз ету үшін үйлестіріледі.

11.3 Контингенттерді қорғауды үйлестіру мәселелері осы Меморандумға Техникалық келісімде айқындалады.

12-бап Қаржылық уағдаластықтар

12.1 Негізгі мүлік пен өзін-өзі қамтамасыз ету үшін шығыстарды өтеуді БҰҰ жанындағы Үндістан Республикасының Тұрақты өкілдігі Нью-Йорктегі Үндістан Республикасының Мемлекеттік банкінің шотына келіп түскең мөлшердегідей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің банктік шотына жүзеге асырады.

12.2 БҰҰЛУК-қа жеке құрамның қатысқаны үшін шығыстарды ай сайын өтеу/БҰҰЛУК-та қазақстандық бітімгершілік контингенттің шетелдегі қызметі үшін ай сайынғы ұстемеақыны БҰҰ жанындағы Үндістан Республикасының Тұрақты өкілдігі БҰҰЛУК-қа қатысатын қазақстандық әскери қызметшілерге кейіннен тікелей төлемдерді жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің банктік шоттарына аудару жолымен жүзеге асырады.

12.3 Тәуліктік жәрдемақыны БҰҰ белгілейді және ҮНДІҚАЗБАТ қаржы қызметінің офицері БҰҰЛУК штаб-пәтерінен алғаннан кейін өткен айдың өрістетілген күндері санына ай сайын қазақстандық бітімгершілік контингентке бөлу үшін қазақстандық рота командиріне қолма-қол ақшамен төлейді.

12.4 Кезекті демалыс үшін жәрдемақыны БҰҰ Бас Ассамблеяның қарапына сәйкес әскери контингенттердің мүшелеріне өрістетудің аяқталған әрбір алты айына 15 күн үшін төлейді. Ағымдағы норма 15 күнге бір адамға күніне 10,5 АҚШ долларын құрайды. Жәрдемақыны ҮНДІҚАЗБАТ қаржы қызметінің офицері БҰҰЛУК штаб-пәтерінен алғаннан кейін қазақстандық бітімгершілік контингентке бөлу үшін қазақстандық рота командиріне қолма-қол ақшамен төлейді.

12.5 ҮНДІБАТ-тың қазақстандық бітімгершілік контингентке өтемақы төлемдерін төлеу рәсімінің схемасы осы Меморандумға А қосымшада айқындалады.

12.6 БҰҰЛУК-та қазақстандық бітімгершілік контингенттің және ҮНДІБАТ-тың бірлесіп өрістету бойынша өтемақы төлемдерін төлеу рәсімдері осы Меморандумға В қосымшада айқындалады.

13-бап Ақпарат қауіпсіздігі

13.1 Осы Меморандумға байланысты алмасылатын немесе құрылатын кез келген ақпарат және жабдық әрбір Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес пайдаланылады, беріледі, сақталады, өндөледі және қоргалады.

13.2 Тараптар осы Меморандумды іске асыруға байланысты туындаитын жедел, материалдық-техникалық және тылдық мақсаттағы қызметтік ақпаратты қорғау бойынша барлық заңды шараларды қабылдайды. Мұндай ақпарат тек осы Меморандумның мақсаттарында пайдаланылуға тиіс.

14-бап Көлік құралдарын жүргізу

14.1 ҮНДІҚАЗБАТ командирі қазақстандық бітімгершілік контингентті қазақстандық ротаның персоналы басқаратын тиісті көлік құралдарымен қамтамасыз етеді. Осы мақсаттар үшін қазақстандық ротада жеңіл және орта көлік құралдарын басқаруға оқып-үйретілген кемінде 10 әскери қызметші болуға тиіс.

14.2 Жекелеген қосымша көлік құралдары мен жедел жәрдем кареталары ҮНДІБАТ командирінің қарамағындағы орталық автопаркте болады.

15-бап Бірегей киім нысаны, эмблемалар және жалаулар

15.1 Бірегей киім нысаны, эмблемалар және жалаулар БҰҰЛУК штаб-пәтерінің үлгілік нұсқаулықтарына және ұлттық қағидаларға сәйкес келеді.

15.2 Операциялар ауданында азаматтық киім киуге тек БҰҰЛУК штаб-пәтерінің үлгілік нұсқаулықтарына сәйкес және ҮНДІҚАЗБАТ командирінің бүйрықтарымен рұқсат етіледі.

16-бап Байланыс құралдары және ақпараттық жүйелер

16.1 БҰҰ белгілі бір байланыс құралдарын және ақпараттық жүйелерді береді, сондай-ақ оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

16.2 Тараптар кері ұлттық байланысқа арналған құралдардың болуын және пайдаланылуын дербес ұйымдастырады.

16.3 Тараптар байланыс құралдары мен ақпараттық жүйелерді пайдалану қауіпсіздігі қағидаларына қатысты тиісті рәсімдерді сақтайды.

16.4 Байланыс құралдары және ақпараттық жүйелер мәселелері осы Меморандумға Техникалық келісімде айқындалады.

17-бап Медициналық қамтамасыз ету

17.1 Өрістетілген әскерлердің медициналық стандарттары БҮҮ-ның осы мәселе жөніндегі нұсқаулықтарына сәйкес келуге тиіс.

17.2 Жетекші мемлекет БҮҮ 4-2 базасында БҮҮ-ның 1-денгейдегі госпиталін қамтамасыз етеді. Стратегиялық медициналық эвакуациялауды БҮҮЛУК штаб-пәтерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Тараптардың әрқайсысы дербес қамтамасыз етеді. Үндістан Тарапы талап бойынша операцияларды өткізу ауданында жедел жәрдем объектілерін/мекемелерін береді.

17.3 Медициналық қамтамасыз ету мәселелері осы Меморандумға Техникалық келісімде айқындалады.

18-бап Демалыс

18. Қазақстанның бітімгершілік контингенттің әскери қызметшілеріне демалыстарды БҮҮЛУК үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан тарапы береді.

19-бап Екіжақты әскери үйлестіру тобы (ЕӘҮТ)

19.1 Тараптардың үлесін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ осы Меморандумды және оған Техникалық келісімді іске асыру жөніндегі техникалық ұсынымдар мен нұсқауларды әзірлеу үшін Үндістан тарапы өкілінің басшылық етуімен екіжақты әскери үйлестіру тобы (ЕӘҮТ) құрылады.

19.2 ЕӘҮТ құрамына Тараптардың өкілдері, БҮҮ-дағы Үндістан Республикасының Тұрақты өкілдігі жанындағы әскери кеңесші және БҮҮ-дағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі жанындағы әскери кеңесші кіреді.

19.3 ЕӘҮТ отырыстары жүйелі түрде өткізіледі.

19.4 ЕӘҮТ барлық шешімдері консенсус негізінде қабылданады және ҮНДІҚАЗБАТ-қа орындау үшін жеткізіледі.

20-бап Даулар

20.1 Осы Меморандумды түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешіледі және ұлттық немесе халықаралық сотқа немесе үшінші тарапқа қарауға берілмейді.

20.2 Мұндай дауларды шешу мүмкін болмаған жағдайларда, мәселе ЕӘҮТ-га беріледі.

21-бап Тұзетулер

21. Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша кез келген уақытта жазбаша нысанда жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

22-бап Қолданылу мерзімі және тоқтату

22.1 Осы Меморандум Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады.

22.2 Осы Меморандум Үндістан Тарапы Қазақстан Тарапының осы Меморандумның күшіне енүі үшін мемлекетішілік ресімдерді өткізгені туралы хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

22.3 Осы Меморандумның күші БҰҰЛУК миссиясында ҮНДІҚАЗБАТ-ты бірлесіп өрістетудің Тараптар айқындаған кезеңіне қолданылады.

22.4 Тараптардың кез келгені басқа Тарапты бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда алдын ала хабардар ете отырып, осы Меморандумның қолданысын тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Меморандум басқа Тарап осындай жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 90 күн өткен соң қолданысын тоқтатады.

22.5 Осы Меморандумның қолданысы тоқтатылған жағдайда 9-баптың (Наразылықтар), 12-баптың (Қаржылық уағдаластықтар), 13-баптың (Ақпарат қауіпсіздігі) және 20-баптың (Даулар) ережелері барлық төлемдер, наразылықтар мен даулар, ақпарат қауіпсіздігі мәселелері шешілгенге дейін қолданылатын болады.


22.6 2018 жылғы 21 тамызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, хинди, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнүсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

22.7 Осы Меморандумды түсіндіру және қолдану кезінде алшақтықтар болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Үндістан Республикасының
Үкіметі үшін
А қосымша
(осы Меморандумның
12-бабының
12.5-тармағында көзделген)

**ҮНДІБАТ-тың қазақстандық бітімгершілік контингентті БҰҰЛУК-та
өрістеткені үшін Үндістанның Қазақстанға өтемақы төлемдерін төлеу ресімінің
схемасы**



В қосымша
(осы Меморандумның
12-бабының
12.6-тармағында көзделген)

1. БҰҰЛУК тоқсан сайын контингенттің қолда бар мүлкіне инспекция жүргізеді және БҰҰ штаб-пәтеріндегі Даалық қолдау көрсету департаментінде БҰҰ-ның наразылықтар мен меморандумдарды басқару жөніндегі бөліміне инспекция туралы есепті жолдайды.

2. БҰҰ штаб-пәтері инспекция туралы есеп негізінде жеке құрамның қатысқаны үшін жәрдемақыны, негізгі мүлікті және өзін-өзі қамтамасыз етуді қоса алғанда, контингент үшін тиесілі төлемдерді Нью-Йорктегі Үндістан Республикасы Мемлекеттік банкінің шотына есепке жазуды жүргізеді.

3. БҰҰ штаб-пәтері Нью-Йорктегі Үндістан Республикасының Тұрақты оқілдігіне контингенттің қолда бар мүлкін тексеру туралы есепті қоса алғанда, транзакцияға түсіндірме мен шегерімдер туралы деректерді қамтитын есептерді де жолдайды. Осы есептер, өз кезегінде, Нью-Делидегі Үндістан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қаржы басқармасы бас ревизорының оғисіне жолданады. Контингенттің қолда бар мүлкін тексеру туралы есептер мен шегерімдер туралы деректерді қамтитын есептемелерді миссиядағы тиісті контингенттер және қаржы бөлімдері де береді.

4. ҮНДІБАТ командирі Үндістан және Қазақстан тараپтары БҰҰ-дан алатын қорытынды төлемдерге есеп айрысу жүргізеді. Миссияның қаржы бөлімінің бастығы

да осыны тексереді және ол Нью-Йорктегі Үндістан Республикасының Тұрақты өкілдігіне қаржылық консультация беру үшін Үндістан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қаржы басқармасы бас әскери ревизорының офисіне жіберіледі. Нью-Йорктегі Үндістан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қаржы басқармасы бас әскери ревизорының офисі Нью-Йорктегі Үндістан Республикасының Тұрақты өкілдігіне тиісті соманы аударуға нұсқау береді. Нью-Йорктегі Үндістан Республикасының Тұрақты өкілділі, өз кезегінде, Нью-Йорктегі Үндістанның Мемлекеттік банкіне БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі ұсынған өзара келісілген банктік шоттарға тиісті соманы аударуды тапсырады.

5. Мертіккен және қайтыс болған жағдайдағы наразылықтар. Қазақстандық әскери қызметшілер БҰҰЛУК-та болған кезде мертіккен немесе қайтыс болған жағдайдағы наразылықтар БҰҰ-дағы Үндістан Республикасының Тұрақты өкілдігі арқылы қаралады. Егер БҰҰ-дағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігімен өзгеше келісілмесе, БҰҰ-дан алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сол банктік шотына Қазақстан тарапына өтемақы төлемдері аударылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Меморандумның хинди және ағылшын тілдеріндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК